





«УМС» корпоративтік қорының "Әйелдер денсаулығы" клиникалық-академиялық департаментінің директоры Гаури Биллахановна Бапаевамен блиц-сұхбат

"ӘЙЕЛДЕР ДЕНСАУЛЫҒЫ"
КАД - "УМС"
КОРПОРАТИВТІК ҚОРЫНЫҢ
АКУШЕРЛІК-
ГИНЕКОЛОГИЯЛЫҚ
ҚЫЗМЕТІН ТҮГЕЛДЕЙ
ҚАМТИДЫ

"УМС" КОРПОРАТИВТІК ҚОРЫН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ АЯСЫНДА ҚҰРЫЛҒАН КЛИНИКАЛЫҚ-АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕПАРТАМЕНТТЕРДІҢ БІРІ - "ӘЙЕЛДЕР ДЕНСАУЛЫҒЫ" ДЕП АТАЛАДЫ. ДЕПАПРТАМЕНТТІҢ ІС-ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АЙТЫП БЕРСЕҢІЗ.

"Әйелдер денсаулығы" клиникалық-академиялық департаменті 2020 жылдың 1 мамырынан бастап жұмыс істей бастады. Оған "УМС" корпоративтік қорының барлық акушерлік-гинекологиялық қызметі кіреді. Біздің КАД екі бөлімнен тұрады. Олар – «Акушерлік» және «Гинекология» бөлімдері.

Өз кезегінде, әр бөлімде "Бағдарламалар" деп аталатын негізгі бағыттар көрсетілген.

Атап айтқанда, Акушерлік бөлімде акушерлік патологиясы бар қауіпті жүкті әйелдер бағдарламасы, соматикалық патологиясы бар қауіпті жүкті әйелдер, консервативті және хирургиялық акушерлік, ұрық медицинасы бар. Өз кезегінде Гинекология бөліміне мини-инвазивті хирургия, реконструктивті-пластикалық хирургия және репродуктивті денсаулық бағдарламалары кірді.

"ӘЙЕЛДЕР ДЕНСАУЛЫҒЫ" КАД- ЫНЫҢ АЛДАҒЫ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ҚАНДАЙ?

"Әйелдер денсаулығы" КАД-НЫҢ миссиясы - үздік медициналық технологияларды дамыту, инновациялық зерттеулер жүргізу және кәсіби мамандарды даярлаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету негізінде медициналық көмектің барлық деңгейін көрсету тәсілдері мен әдістерін тұрақты жетілдіру арқылы әйелдер денсаулығын жақсартуға саяды.

Біздің мақсаттарымыз:

1. Әйелдердің репродуктивті денсаулығын сақтау және перинаталдық өлім-жітімді төмендету
2. Акушерия, гинекология салаларының көшбасшыларын оқыту
3. Зерттеу әлеуетін дамыту

Негізгі міндеттеріміздің бірі ретінде стационарлық және амбулаториялық байланыстардың интеграциясы және сабақтастығын айтар едім.



ДЕПАРТАМЕНТТЕ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАРМЕН ЖҰМЫС ҚАЛАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ?

Клиникалық-академиялық Департаменттің құрылуы тек клиникалық жұмысты ғана емес, сонымен қатар ғылыми және білім беру қызметін де білдіреді.

Өзіңіз де білетіндей, Департаменттің штатында КАД директорының ғылым және білім жөніндегі орынбасары деген лауазымы бар. Ол департамент директорымен бірге жұмыстың осы бөлімі үшін жауап береді.



Біздің КАД директорының ғылым және білім жөніндегі орынбасары Назарбаев Университеті Медицина мектебінің профессоры М. Терзич. Ол департамент қызметкерлерімен бірге зерттеу жұмыстарын жүргізуге белсенді қатысады.

Қазіргі уақытта біздің бағыт бойынша екі ғылыми-техникалық бағдарлама жүргізіліп жатыр. Тағы екі зерттеу жоспарланған.

Сонымен қатар, ғылыми жұмыстың нәтижелері бойынша Web of Sciences базасында индекстелетін ғылыми мақалалар жариялауға ерекше назар аударылады.

БҰЛ ШАРАЛАР РЕСПУБЛИКАДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?

Клиникалық академиялық департаменттерді құру "UMC" корпоративтік қорының аясымен шектелмей, жалпы еліміздің денсаулық сақтау жүйесін де дамытуды көздейді.

Департамент қызметкерлері өздерінің ғылыми, білім беру және клиникалық әлеуетін арттыра отырып, оны республиканың денсаулық сақтау жүйесіне интеграциялайтын болады.

Бұл еліміздің әйел кісілердің денсаулығына оң әсер етеді деп сенемін.

ӘҢГІМЕҢІЗ ҮШІН РАХМЕТ.

